



Ақмешіт

9 маусым
сейсенбі
№43 (2255)
2026 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

Нұрғожа ҚАСҚАРБЕКОВ,
№10 дарынды балаларға
арналған облыстық
«Білім-инновация» лицей-
интернатының директоры:

ӘРБІР ЖЕҢІС ЖҮЙЕЛІ ЕҢБЕКТІҢ НӘТИЖЕСІ

Өңірдегі білім сапасын арттыруға, оқушылардың ғылыми-шығармашылық әлеуетін дамытуға және дарынды балаларды үлкен додаларға дайындауға ерекше көңіл бөліп келе жатқан білім ордаларының бірі – №10 дарынды балаларға арналған облыстық «Білім-инновация» лицей-интернаты. Бұл лицей қабырғасында тек пәндік білім беріліп қана қоймай, оқушының зерттеушілік қабілетін қалыптастыру, сыни ойлауын дамыту, бірнеше тілде еркін сөйлей алатын, өз ойын дәлелді жеткізетін тұлға тәрбиелеу басты мақсаттардың бірі саналады. Бүгінде «Білім-инновация» лицейлері елімізде «Олимпиадасылар ұстаханасы» деген атауға ие. Білім беру жүйесінде оқушыларды түрлі пәндік олимпиадаларға, ғылыми жобалар және халықаралық деңгейдегі білім жарыстарына дайындау нақты жүйе мен ұзақ мерзімді еңбектің нәтижесінде жүзеге асады. Оқушылардың жоғары нәтижеге жетуіне лицейдегі оқу бағдарламасының ерекшелігі, мұғалімдердің кәсіби шеберлігі, олимпиадалық дайындықтың тұрақты жүргізілуі және шәкірттердің табандылығы үлкен әсер етеді. Әсіресе, жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді тереңдетіп оқыту, ағылшын тілінде білім беру, ғылыми жобаларға баулу және халықаралық стандарттарға сай дайындық жүргізу – лицейдің басты артықшылықтың бірі. Осы орайда №10 дарынды балаларға арналған облыстық «Білім-инновация» лицей-интернатының директоры Нұрғожа Қасқарбековпен сұхбаттасудың сәті түсті.



3-БЕТТЕ

МӘСЕЛЕ

МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ МАШАҚАТЫ



– «Бұл мамандықты ата-анам жоғарғы оқу орнында оқуын қажет» – деген соң, оқып жатырмын. Алағай жылы басқа мамандыққа ауысамын» – дейді өндірістік іс-тәжірибеден өтуге келген 1 курс студенті. Иә, бүгінде мамандық таңдауда осылай арасын жүргендер көп.

Бұл – бүгінгі жастар арасында жиі кездесетін жағдай. Мектеп бітірген көптеген түлек мамандық таңдау кезінде өз қалауы мен қабілетін емес, ата-анасының кеңесін немесе грантка түсу мүмкіндігін негізге алады. Нәтижесінде жоғары оқу орнына түскеннен кейін өз таңдауына күмәнданатын жастардың қатары артып келеді. Тіпті оқыған мамандығы бойынша жұмыс істемейтіндер көп. Ресми деректерге сүйенсек, елдегі жұмыссыздардың шамамен 87 пайызын дипломы бар мамандар құрап отыр.

3-БЕТТЕ

Баспасөз-2026

**АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА»
ЖАЗЫЛДЫҢЫЗ БА?**

Баспасөзге 2026 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу жүруде. Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңізге жазылуы ұмытпаңыз. Жекелер үшін 6 айға – 4000 теңге, мекемелер үшін – 5000 теңге. Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08.

МЕРЕЙ

ЖАУҺАРЛЫ ЖЫРДЫҢ ТҰЛҒАЛЫ ПЕРЗЕНТІ



Жыр мен жыраулық дәстүр – қазақ әдебиетінің де, мәдениетінің де алтын өзегі. Төл өнеріміз танымалымызды туралап, тарихымызды тірілтіп тұрған асыл қазына. Оны сақтау, баптау әрі өскелең ұрпаққа аманаттау ортақ парыз.

Осы жолда аянбай еңбек етіп жүрген алыптардың бірі, әрі бірегейі – ҚР «Парасат», III дәрежелі «Барыс» ордендерінің кавалері, жырау, ғалым, ұстаз Алмасбек Алматыв. Белгілі жыраудың шығармашылығы – төл өнердің тұтас кеңістігін қамтиды. Тыңдаған сайын рухың асқақтап, санаң сілкінеді. Ағамыздың жыраулық мектебі қабырғалы орда. Мұнда тәлімін алған шәкірттерінің өзі бүгінде өнер майталмандары. Әйгілі жыраудың қазақ руханиятына үздіксіз олжа салуы ұлттық өнерге адал қызметтің, табанды ізденістің, руханият жолындағы жанкешті еңбектің нәтижесі екеніне бек сенімдіміз.

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ ұлттық консерваториясының құрметті профессоры, белгілі жырау, фольклортанушы ғалым Алмасбек Алматывпен кездесуі ерекше үлгіде өтті.

Кездесуде Сыр өңірінде атадан балаға мұра болып қалған жыраулық, жыршылық өнердің дамуы, жастарды ұлттық өнерге баулу жайы әңгіме өзегіне айналды.

Аймақ басшысы қазақтың дәстүрлі өнерінің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан қайраткердің ұлттық мұрамызды ғылыми тұрғыдан зерттеп, кәсіби білім беру жүйесіне енгізіп, шәкірт тәрбиелеген еңбегін ерекше атап өтті.

4-БЕТТЕ



ҚОЛЖЕТІМДІ БАСПАНАҒА ҚОЛ ЖЕТЕ МЕ?

Қазақстанда ипотекалық несиелеу саласына қатысты маңызды өзгеріс ұсынылды. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі мен Ұлттық банк ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің шекті деңгейін қарыз алушының бастапқы жарнасына қарай саралап белгілеуді ұсынып отыр. Егер бастама қабылдана, 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап тұрғын үй құнының көлемі 30 пайыздан бастапқы жарна ретінде төлейтін азаматтар ипотеканы неғұрлым төмен мөлшерлеменен рәсімдеу мүмкіндігіне ие болады.

2-БЕТТЕ

ҚАЛА ТЫНЫСЫ



ЖОЛ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРУДЕ

Бүгінде құрылысы қарқынды қаланың көркейіп, көшелері кеңейіп жатқанын айтуға мүмкін емес. Қаланың тыныс-тіршілігі мен дамуы әрбір тұрғынға қуаныш сыйлауы хақ. Бүгінде жолдар жөнделіп, көшелер кеңейіп, шаһар келбеті өзгеше кейіпке енді.

Әсіресе, соңғы жылдары қаланың шет аймақтарындағы жолдарды жөндеуге ерекше көңіл бөлінуде. Осы бағыттағы жұмыстармен таныстыру мақсатында бұқаралық ақпарат өкілдеріне арнайы пресс-тур ұйымдастырылды.

Сағымбаев көшесіндегі реконструкция жұмыстарын «Қыран» ЖШС жүргізуде. Нысанға жауапты маман Бакберген Ерсұлтаннның айтуынша, жол төрт жолақты болып кеңейтілуде. Қазіргі таңда жұмыстың 60 пайызы орындалған.

– Оқушылар мектепке қатынауы үшін 1 күркүйекке дейін толық аяқтауды жоспарлап отырмыз, – дейді ол.

Жоба аясында көше бойына заманауи жарықтандыру жүйелері орнатылып, жаяу жүргіншілер жолы салынууда. Құрылыс алаңында қазіргі таңда 50-ден астам жұмысшы еңбек етуде.

Ал Қорқыт ата көшесіндегі жолдарды жаңғырту жұмыстарын «Әлем транс жол» мекемесі қолға алған. Учаске бастығы Мейіражан Сағадилдаевтың айтуынша, бұл көшелер соңғы жиырма жылдан бері жөндеу көрмеген. Мамыр айында басталған жұмыстардың бүгінде 60 пайызы аяқталып, жоба соңғы кезеңге жақындаған.

Тұрғындар көптен күткен құрылыстың бірі – Бөйтерек шағын ауданындағы көпір құрылысы. Бұған

дейін көліктерін көпірдің шетіне қалдырып, жаяу жүруге мәжбүр болған тұрғындар көпірдің пайдалануға берілуін асыға күтуде. «Асанас-Дар» ЖШС мамандары көпір тіректерін қуя жұмыстарын аяқтап, қазір сынақ кезеңін жүргізуде. Жобаның жалпы келісім шарт құны 975,9 миллион теңгені құрайды, ал ұзындығы 53 метрді құрайтын екі жолақты көпірде заманауи жарықшамдарын орнату да жоспарланған.

Қаланың орталық бөлігінде де ауқымды жұмыстар атқарылуда. «УАД» ЖШС Н.Назарбаев даңғылы, А.Иманов, Бозғұл-1, Наурыз және Ш.Есенов көшелерін қамтитын 5,5 шақырым жол желісін жаңғыртуда. Директордың өндіріс жөніндегі орынбасары Самат Қарымсақтың айтуынша, 14 айға жоспарланған мерзімді 6 айға қысқартып, қыркүйекте толық қолданысқа беру көзделген. 14 метрлік жүріс бөлігі бар бұл жоба аясында жаяу жүргіншілер жолы мен лотоктар, жарықшамдарын орнату жұмыстары қатар жүргізілуде.

Сонымен қатар Мұстафа Шоқай көшесіндегі жаяу жүргіншілер жолақтарының сызылуы – жол қауіпсіздігін арттыруға бағытталған маңызды істердің бірі.

Жалпы, қалада жол құрылысы қарқынды дамуда. Облыс орталығында жол қатынасына байланысты мәселелер шешімін тауып, жыл өткен сайын жақсарып келеді. Айта кетейік, қала әкімі жол құрылысына қойылатын басты талап сана екенін үнемі айтып келеді. Яғни, әрбір істің жауапкершілігімен аяқталғаны маңызды. Жол сапасын жақсарту назардан тыс қалмақ емес.

Наркыз БЕКМЫРЗА,

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің I курс студенті

ЫСТЫҚ СУ: 176 КӨПҚАБАТТЫ ҮЙГЕ ҚОСЫЛАДЫ



Соңғы жылдары Қызылорда қаласының әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштеріне оң баға берілуде. Мұнда халықтың тіршілік етуіне қолайлы жағдай жасау ниетінде барлық сала бойынша ілкімді істер атқарылуда. Мәселен, республика бойынша ыстық сумен қамтылмаған облыс орталықтарының бірі – Қызылорда қаласы еді. Мемлекет басшысының қолдауымен бұл мәселе де оң шешімін тапты. Қазіргі уақытта бұл бағытта қарқынды жұмыстар атқарылуда. Атап айтқанда, бүгінде 176 көпқабатты тұрғын үйді ыстық сумен қамту жүргізілуде.

«Асанас-Дар» ЖШС басшысы Марат Үсенбаевтың айтуынша, қаладағы көпқабатты үйлердің ыстық сумен қамтылуы жобасы бойынша жұмыстар өз деңгейінде орындалуда.

Қазіргі таңда қажетті жабықтар толық жеткізіліп, тұрғын үйлерде сыртқы магистральдық құбырларды дәнекерлеу және іске қосу-баптау жұмыстары атқарылуда. Бүгінде 171 үйде құрылыс-монтаж жұмыстары қарқын алған. Жоба толық іске асқанда жүздеген отбасы ыстық суға қол жеткізіп, тұрғындардың тұрмыс жағдайы жақсара түспек.

«Ақмешіт-ақпарат»

Елімізде қарыздар мен микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің шекті деңгейі жаңартылды. 1 шілдеден бастап ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша шекті мөлшерлеме 25%-дан 20%-ға дейін төмендейді.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Ұлттық банкпен бірлесіп жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің мөлшеріне қатысты қаулы жариялады. Құжат 16 мамырдан бастап күшіне енеді. Алайда бірқатар несие түрлері бойынша жаңа мөлшерлемелер 1 шілдеден бастап қолданыла бастайды.

Несиедердің басым бөлігі бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің шекті деңгейі бұрынғы қалпында қалады. Атап айтқанда, кепілсіз банктік қарыздар бойынша мөлшерлеме жылына 46%-ға дейін, кепілмен қамтамасыз етілген банктік қарыздар бойынша 35%-ға дейін белгіленген.

Ал ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша шекті мөлшерлеме кезең-кезеңімен төмендеп 1 шілдеден бастап 20%-ға дейін азаяды. Микрокредиттер бойынша да мөлшерлемелер өзгеріссіз қалады. 16 мамырдан бастап микрокредиттер үшін шекті мөлшерлеме жылына 46%-ға дейін болады. Ал 45 күнге дейінгі қысқа мерзімді микрокредиттер бойынша мөлшерлеме күніне 0,3%-дан және жылына 179%-дан аспауға тиіс. Бұл талап қарыз сомасы 45 айлық есептік көрсеткіштен аспаған жағдайда қолданылады.

Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов ипотекаға бастапқы жарна ретінде 30%-дан көп төлеген қазакстандықтар 1 шілдеден бастап төменірек мөлшерлеме алатынын мәлімдеді. Ол халықаралық тәжірибеде кеңінен қолданылатын Loan-to-Value көрсеткішіне негізделеді. LTV – ипотекалық қарыз сомасының сатып алынатын тұрғын үй құнына қатынасын көрсететін коэффициент. Яғни баспананы сатып алуға жұмсалатын қаражаттың қанша бөлігі банк несие есебінен жабылатынын көрсетеді. Бастапқы жарнасы жоғары азаматтар үшін ипотека құны төмендеуі мүмкін.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің түсіндіруінше, ұсынылып отырған тетік бірнеше міндетті шешуге бағытталған.

Біріншіден, азаматтарды бастапқы жарна жинауға ынталандыру. Қазіргі кезде көптеген қарыз алушылар тұрғын үй құнының аз ғана бөлігін жинап, қалған соманы толықтай банк есебінен қаржыландыруға тырысады. Бұл банктер үшін де, қарыз алушы үшін де тәуекелді арттырады. Екіншіден, ипотекалық нарықты тәуекелге бағдарланған қағидат бойынша

Басы 1-бетте

ҚОЛЖЕТІМДІ



дамыту. Егер қарыз алушының өз қаражаты көп болса, оның төлем қабілеттілігі жоғары әрі қаржылық жауапкершілігі де арта түседі деп есептеледі. Үшіншіден, банктердің тұрақтылығын күшейту. Соңғы жылдары қаржы секторында тәуекелдерді басқару мәселесіне ерекше көңіл бөлінуде. Осы тұрғыдан алғанда, бастапқы жарнасы жоғары қарыз алушылармен жұмыс істеу банк үшін қауіпсіздеу саналады.

Мұндай тәжірибе көптеген дамыған елде қолданылады. Әлемдік нарықта қарыз алушының бастапқы жарнасы неғұрлым көп болса, оның несие шарттары да соғұрлым тиімді болады.

– Ипотеканың арзандығына қатысты біріншіден, ай сайынғы төлем азаяды, артық төлем көлемі қысқарады. Бұрын банктер жоғары тәуекелдерді, жалпы есептік мөлшерлемені

23-24 пайызға дейін жеткізсе, енді ол шектеледі. Әсіресе орта табыспен отырған халыққа жеңілдік болары сөзсіз. Бірақ банктер үшін ипотека аса табысты өнім болмай қалады. Себебі базалық мөлшерлеме әлі де жоғары деңгейде тұрғанда ипотеканы 20 пайызбен беру банктердің маржасын азайтатын фактор. Сондықтан қаржы ұйымдары тәуекел клиенттерге несие беруді қысқартып, талапты күшейтуі әбден мүмкін. Бастапқы жарнаның көлемі көбейеді, табысқа қойылатын талаптар қатайды. Ресми кірісі төмен адамдарға ипотека алу қиындайды. Кей банктер ипотекалық бағдарламаларды уақытша азайтуға да әбден мүмкін. Сондықтан пайыз төмендеді, ипотека алу жеңілдеді деген дұрыс емес. Керісінше, кей азаматтар үшін ипотека қолжетімсіз болып қалады, – деді экономист Бауыржан Ысқақ.

Бүгінгі таңда тұрғын үй бағасының жоғары болуы көптеген отбасы үшін бастапқы жарна жинауды қиындатып отыр. Әсіресе жас отбасылар мен орташа табысы бар азаматтарға тұрғын үй құнының 30 пайызын жинақтау оңай емес.

Мысалы, ірі қалаларда жаңа пәтердің орташа бағасы 30–35 миллион теңгеге дейін жетеді. Мұндай жағдайда 30 пайыздық бастапқы жарна 9-10,5 миллион теңгені құрайды. Бұл көптеген отбасы үшін айтарлықтай қаржылық жүктеме.

Осыған байланысты кейбір сарапшылар жаңа тәсілдің артықшылықтарымен қатар белгілі бір шектеулері де бар екенін айтады. Өйткені жоғары табысы бар азаматтар жеңілдетілген шарттарға қол жеткізсе, қаржылық мүмкіндігі төмен отбасылар бұрынғыдай жоғары мөлшерлемені несие рәсімдеуге мәжбүр болуы мүмкін. Жаңа реттеу тұрғын үй нарығына бірден түбегейлі өзгеріс әкеліп, ұзақ мерзімді перспективада азаматтардың қаржылық тәртібіне ықпал етуі мүмкін. Адамдар баспана сатып алмас бұрын көбірек қаражат жинауға ұмтылады.

Ұсынылып отырған өзгерістер ипотекалық несиедеудің жаңа кезеңіне жол ашуы мүмкін. Мемлекет бастапқы жарнасы жоғары азаматтарды қолдау арқылы қаржы нарығындағы тәуекелдерді азайтуға және ипотекалық кредиттеуді неғұрлым тұрақты дамытуға жағдай жасауды көздей отыр.

Алайда бұл бастаманың табысты болуы тек нормативтік өзгерістерге ғана емес, халықтың табыс деңгейіне, тұрғын үй бағасының қолжетімділігіне және банктер арасындағы бәсекелестікке де байланысты болады. Бір нәрсе анық: 2027 жылдан бастап ипотека нарығында «неғұрлым көп жинақ – неғұрлым тиімді несие» қағидаты күшейе түсуі мүмкін. Ал бұл қазакстандықтардың тұрғын үй сатып алу стратегиясына да, қаржы мәдениетіне де әсер ететін маңызды өзгеріс болмақ.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҒЫНЫҢ ЕҢ ТӨМЕНГІ ЖЕТКІЛІКТІ ШЕГІ ЖАРИЯЛАНДЫ

Бірнәзі жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы жинақтарын пайдаланудың ең төменгі жеткілікті шегін жариялады. Өзгерістер салымшының қазіргі жасын ғана емес, оның зейнет жасқа дейінгі кезеңін, болашақ зейнетақы төлемдерін, инвестициялық кірісті және өзге де ұзақ мерзімді факторларды ескеріп қабылданған.



Қазақстанда зейнетақы жинақтарынан қаражат алу тәртібі өзгерді. 5 маусымнан бастап бірнәзі жинақтаушы зейнетақы қоры жүйесінде жеткілікті шегін есептеудің жаңа әдістемесі күшіне енді. Бұл өзгеріс азаматтардың зейнетақы шоттарындағы артық қаражатты пайдалану мүмкіндігіне тікелей әсер етуі ықтимал.

Енді зейнетақы жинағының артық бөлігін алу үшін 20 жастағы қазакстандықтың шотында кемінде 6 млн 670 мың теңге, 30 жастағы азаматта - 9 млн 750 мың, ал 40 жаста 13 млн 370 мың теңге болуы керек. 50 жастағылар үшін жеке 17 млн 590 мың болса, 60 жаста 22 млн 500 мың теңге.

Жаңа тәсіл бойынша зейнетақы жинақтарының қанша бөлігі алынуға қолжетімді екенін анықтау енді әлдеқайда ұзақ мерзімді факторларға сүйенеді. Яғни есептеу кезінде тек ағымдағы табыс

емес, адамның болашақтағы өмір сүру ұзақтығы, инфляция, инвестициялық табыс және зейнетақы төлемдерінің өмір бойы жеткіліктілігі ескеріледі. Жаңа тәсілдің басты қағидасы – зейнетақы жинағының адамға зейнетке шыққаннан кейін өмір бойы жетуі. Осы себепті есептеу формуласы күрделеніп, болашақтағы тәуекелдер де енгізілді. Бұл өзгеріс зейнетақы жүйесінің тұрақтылығын күшейтуге бағытталғанымен, қысқа мерзімде азаматтардың қаражатқа қолжетімділігін төмендетуі мүмкін.

Бұған дейін жеткілікті шегін есептеу салыстырмалы түрде жеңілдік болды. Азаматтар зейнетақы шотындағы белгілі бір «артық» соманы тұрғын үй сатып алу немесе емделу сияқты мақсаттарға пайдалана алатын.

Жаңа әдістеменің бірнеше ықтимал салдары бар. Біріншіден, азаматтардың зейнетақы шотынан қаражат алу мүмкіндігі қысқаруы мүмкін. Екіншіден, бұрын қол жетімді болған «артық» көлемі азаяды.

Сонымен қатар тұрғын үй нарығына жанама әсер етуі ықтимал. Себебі соңғы жылдары азаматтар зейнетақы жинақтарын бастапқы жарна ретінде жиі пайдаланған болатын. Жаңа шектеулер бұл үрдісті баяулатуы мүмкін. Жаңа әдістеме зейнетақы жүйесін ұзақ мерзімді тұрақтылыққа бағыттағанымен, оның қысқа мерзімді әлеуметтік әсері де бар. Бір жағынан мемлекет азаматтардың болашақтағы табысын қорғауды көздесе, екінші жағынан халықтың бүгінгі қаржылық мүмкіндіктері шектелуі мүмкін.

Ұлттық банк базалық мөлшерлемені жылдық 18%-дан 17%-ға дейін төмендету туралы шешім қабылдады. Бұл – 2025 жылдың қазан айынан бергі алғашқы төмендету. Аталған жанаалық қаржы нарығында ғана емес, қарапайым халық арасында да «несие арзандай ма?» деген заңды сұрақты туындатты. Алайда, мұндай өзгерістің әсері бір күнде немесе бір айда сезіле қоймайтыны анық. Себебі, Ұлттық банктің ақша-несие саясаты тікелей елдегі инфляциялық ахуал мен халықтың баға өсіміне қатысты болжамдарына негізделеді.

Ұлттық банктің мәліметіне сүйенсек, 2026 жылғы мамыр айында халықтың алдағы жылға арналған инфляциялық күтулері 12,7% деңгейінде қалыптасты. Соңғы екі айда бұл көрсеткіш 12,4-12,7% аралығында тұрақтап отыр. Айта кету керек, өткен жылдың ортасынан бері бұл көрсеткіш тұрақты түрде 13-14%-дан жоғары болған еді. Инфляциялық күтулердің қалыптасуына негізінен реттелетін бағалар мен коммуналдық тарифтерді реформалау процесі айтарлықтай әсер етіп отыр. Соған қарамастан, кәсіби нарық қатысушыларының болжамы анағұрлым байсалды: олар 2026 жылдың соңына қарай инфляция деңгейі 10 пайыз маңайында болады деп есептейді. Дәл осы инфляцияның бәсеңдеуі мен болжамдардың жақсаруы базалық мөлшерлемені 17%-ға дейін түсіруге мүмкіндік беріп отыр.



Бұл оң динамикаға ішкі факторлармен қатар, әлемдік шикізат нарығындағы жағдай да тікелей әсер етуде. Мәселен, Brent маркалы мұнай бағасы 2026 жылдың соңына дейін бұрынғы болжамдармен салыстырғанда жоғары деңгейде сақталып отыр. Мұнайдың құны негізінен Тауы Шығыстағы жалғасып жатқан геосаяси шиеленістер аясында қалыптасып отыр. Дегенмен, ұзақ мерзімді перспективада бағаның біртіндеп төмендейтін анық. Осыған байланысты Ұлттық банктің инфляциялық болжамдарын қайта қарауына бірнеше факторлар негіз болған. Баға өсімінің баулауы мен теңге

бағамының нығаюы содан қосылған құн салығы мөлшерлемесінің өсуі тауарлар мен қызметтер құнына күтілгеннен аз әсер етті. Осы өзгерістерді ескере отырып, Ұлттық банк биылғы жылдың соңына қарай инфляцияның бір таңбалы көрсеткішке оралуын болжайды.

Ұлттық банктің баспасөз қызметі хабарлағандай, қазіргі уақытта инфляциялық тәуекелдер басым болғанымен, олардың әсері айтарлықтай білінбейді. Жылдың алғашқы жартысында ішкі сұраныстың бәсеңдеуі мен теңге бағамының нығаюына септігін тигізген қолайлы сыртқы факторлар жинақталған инфляциялық қысымды шінара теңгеріп отыр.

Осы орайда Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов валюта нарығындағы жағдайға қатысты пікір білдіріп, доллар бағамының алдағы динамикасын талқылады. Оның пайымдауынша, ұлттық

валютаның қазіргі нығаюы — заңды құбылыс.

«Бұған дейін доллар бағамы 500 теңге деңгейінде болғанда, мұнай бағасы барреліне 65-70 доллар шамасында еді. Қазіргі уақытта негізгі экспорттық тауарымыз – мұнайдың құны шамамен 70%-ға өсті. Экспорттан түсетін валюта көлемі артқан кезде ұлттық валютаның нығаюы – әбден қалыпты жағдай», – деп атап өтті Тимур Сүлейменов.

Халық өмірі қалай өзгереді?

Базалық мөлшерлеменің төмендеуі экономикалық жүйеге біртіндеп әсер етеді. Бұл уақыт аралығында базалық мөлшерлеме екінші деңгейлі банктер үшін негізгі бағдар қызметін атқарады. Ол төмендеген кезде теориялық тұрғыда несие де арзандауы тиіс. Бірақ іс жүзінде бұл процесс баяу жүреді. Себебі коммерциялық банктер пайыздық мөлшерлемені тек базалық мөлшерлемеге қарап емес, инфляция деңгейін, валюта бағамын және тәуекелдерді ескере отырып белгілейді.

Ұлттық банк басшысының айтуынша, несие мөлшерлемелері базалық мөлшерлемені «бірден емес, біртіндеп» қалағалайды. Яғни, өзгеріс алдымен қысқа мерзімді несиелерде байқалуы мүмкін, ал ипотека сияқты ұзақ мерзімді өнімдерде әсер кешігіп жетеді. Мөлшерлеменің төмендеуі тек несие емес, депозиттерге де әсер етеді. Бұл жағдайды қаржы мамандары «екі жақты әсер» деп сипаттайды: бір жағынан несие арзандауы мүмкін, екінші жағынан жинақтағы табыс азаяды. Соған қарамастан, Ұлттық банк депозиттердің тартымдылығы сақталатынын атап өтті. Қазіргі инфляция деңгейімен салыстырғанда депозиттік кірістілік әлі де жоғары болып отыр, сондықтан халықтың жаппай қаражатты банктер шығаруы күтілмейді.

Базалық мөлшерлеменің 1 пайызға төмендеуі – экономиканы «жұмсартудың» бастапқы қадамы ғана. Оның нақты әсері бірнеше айдан кейін байқалады. Сондықтан бүгін қабылданған шешім ертең несие арзандайды немесе депозит азаяды дегенді білдірмейді. Бұл – экономиканың біртіндеп жана тепе-теңдікке бейімделу процесінің бастамасы ғана. Ел экономикасы қазіргі таңда бір мезгілде бірнеше бағытта теңгеріліп жатыр: инфляция баяулап, теңге нығайып, базалық мөлшерлеме біртіндеп төмендеуде. Алайда бұл – тұрақты жеңілдеу кезеңі емес, керісінше жоғары инфляциядан кейінгі өтпелі, сақтыққа негізделген кезең деуге болады. Инфляция деңгейі 2027 жылы 5,5-7,5%-ға дейін төмендемек. Ал 2028 жылы бұл көрсеткіш белгіленген 5% нысаналы межеге жақын тұрақтанады деп күтілуде.

Бетті дайындаған
Думан КЕҢШІЛІК

Суреттер ашық дереккөздерден алынды

«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік қазынашылық комитетінің Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік қазынашылық департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі басшылығының 2026 жылдың III тоқсанына арналған жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдау жүргізілетін тұлғаның Т.А.Ә.	Азаматтарды қабылдау жүргізілетін тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік қазынашылық комитетінің Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік қазынашылық департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі	Байсариев Қалмұханбет Сапарбекұлы	Департамент басшысы	Сәрсенбі сағат 16 ⁰⁰ -18 ⁰⁰	Қызылорда қаласы, Д.Қонаев көшесі 7А	8 (7242) 26-23-62
	Келдибаева Данагүл Қылышбековна	Департамент басшысының орынбасары	Дүйсенбі сағат 16 ⁰⁰ -18 ⁰⁰		8 (7242) 27-49-59
	Ақмырзаев Мамбетәлі Сейтжанбарұлы	Департамент басшысының орынбасары	Бейсенбі сағат 16 ⁰⁰ -18 ⁰⁰		8 (7242) 26-21-40
	Сайлау Айбек Нұрланұлы	Департамент басшысының орынбасары	Сейсенбі сағат 16 ⁰⁰ -18 ⁰⁰		8 (7242) 26-22-01

Қазақстан Республикасының қолданыстағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» және «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдары талаптарының бузылуына жол бермеу мақсатында Қызылорда облысының Мемлекеттік қазынашылық департаменті 8 (7242) 26-17-84 «сенім телефоны» жұмыс істейтіндігін хабарлайды. Аудандық, қалалық Мемлекеттік қазынашылық басқармалар бойынша: Арал (8724-33)22384, Қазалы (8724-38)22101, Байқоңыр (8336-2) 273818, Қармақшы (8724-37)21443, Сырдария (8724-36)21351, Жалағаш (8724-31) 31831, Шиелі (8724-32)41067, Жаңақорған (8724-35)22083.

Нұрғожа ҚАСҚАРБЕКОВ,

№10 дарынды балаларға арналған облыстық «Білім-инновация» лицей-интернатының директоры:

ӘРБІР ЖЕҢІС ЖҮЙЕЛІ ЕҢБЕКТІҢ НӘТИЖЕСІ



«Білім-инновация» лицей-лицейлері олимпиадасылар ұстаханасы» ретінде танымал. Биылғы республикалық доладағы қос қола мен Жолдасбеков жарысындағы жүлде осының дәлелі.

Жалпы, БИЛ-дегі білім беру жүйесінің өзге мектептерден басты айырмашылығы неде? Және бастар жол қалай қаланады?

– БИЛ, яғни Білім-инновация лицейлері жүйесінің өзге мектептерден басты айырмашылығы тек білім беруде емес, тұлғаны жан-жақты дамытуға бағытталған кешенді моделінде. Мұнда жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер, атап айтқанда математика, физика, химия, биология, информатика тереңдетіліп оқытылады және ағылшын тілінде білім беріледі. Бұл оқушылардың халықаралық деңгейге шығуына үлкен мүмкіндік береді. Және кездейсоқ келмейді, ол жүйелі еңбектің нәтижесі. Лицейге қабылданған 7-сынып оқушыларынан алынған сауалнама негізінде олар бейіндік пәндерге бөлініп, олимпиадаға жүйелі түрде дайындалады. Аптаның дүйсенбі, сәрсенбі, бейсенбі күндері пән мұғалімдері олимпиадаға қатысатын оқушылармен дайындық жүргізеді. Дайындық барысында теория, практика және талдау жұмыстары қатар жүреді. Оқушылар кәсіпкерлік жұмыс істейді, себебі әр қате – өсу нүктесі. Талдау жасамай, даму болмайды. Және жеті үшін жан-жақты дайындық қажет. Оқушылардың дайындығын пысықтау мақсатында тоқсан сайын ОРЕ, яғни Olympiad Preparation Exam емтиханы өткізіледі. Сонымен қатар әр тоқсан демалысында олимпиадаға дайындық САМР ұйымдастырылады.

– Сіздерде оқушыларды олимпиадаға іріктеу және дайындау қалай жүреді? Бұл тек сабақтан тыс уақыттағы қосымша дайындық па, әлде арнайы бекітілген стратегияның нәтижесі ме?

Басы 1-бетте

– Бұл тек қосымша сабақ емес, жүйелі әрі кезек-кезеңімен құрылған стратегияның нәтижесі. БИЛ-де олимпиадаға дайындау арнайы модель арқылы жүргізіледі. Іріктеу бір ғана тестпен шектелмейді. Алдымен пән бойынша логикалық ойлау мен базалық білім тексеріледі. Одан кейін бірнеше кезеңнен тұратын ішкі мектепшілік турлар өткізіліп, үздік оқушылар анықталады. Сонымен қатар мұғалімнің бақылауы да маңызды рөл атқарады. Сабақтағы белсенділік, қызығушылық және тұрақтылық ескеріледі. Нәтижесінде тек білімді оқушы ғана емес, шыдамды, жүйелі жұмыс істей алатын оқушылар таңдалады. Олимпиадаға дайындықтағы басты қағидалар – үздіксіздік, қайталау және талдау, бәсекелестік орта мен тәжірибе. Дайындық жыл бойы тоқтамайды, оқушылар тек есеп шығарумен шектелмей, оны түсінуге үйренеді. Мықты оқушылармен бірге оқу бәсекелестік ортаны қалыптастырады, ал түрлі олимпиадаларға қатысу тәжірибе жинауға мүмкіндік береді.

– Ағылшын тілі пәнінен республикалық деңгейде бәсекелестік өте жоғары. Шакіртіңізді олимпиадаға дайындау барысында қандай ерекше әдіс-тәсілдерді қолдандыңыз? Тілдік деңгейді шыңдау үшін не нәрсеге баса назар аудардыңыз?

– Дұрыс айтсаңыз, ағылшын тілі олимпиадасында бәсекелестік өте жоғары. Сондықтан дайындық тек грамматиканы оқумен шектелмейді. Біз үшін ағылшын тілі жай тілдік құрал емес, ойлау жүйесіне айналуы керек. Оқушылар ең алдымен олимпиадалық форматқа бейімделеді. Бұрынғы республикалық және халықаралық тапсырмалар талданып, олардың құрылымы мен ерекшеліктері қарастырылады. Сонымен қатар терең мәтінмен жұмысқа көп көңіл бөлінеді. Оқушылар «science», «history», «essays» бағытындағы күрделі академиялық мәтіндерді оқып, тек «skimming» немесе «scanning» әдістерімен шектелмей, автордың идеясын, позициясын, жасырын мағынаны және inference дағдыларын меңгереді. «Vocabulary» бағытында да басты мақсат сөздерді жай жаттау емес, оларды қолдана білу. Оқушылар тілдік бірліктерді контексте меңгереді. Сөздік құрам әр жазуда және сөйлеу барысында міндетті түрде қолданылады. Жазылым лабораториясы да маңызды. Аптасына бірнеше рет есе жазылып, әр жұмысқа құрылым, қисындылық, ұжым бағыттары бойынша нақты кері байланыс беріледі. Ағылшын тілінде сөйлеу және ойлау бағыты да назардан тыс қалмайды. Мұндағы мақсат тек сөйлеу емес, ағылшынша ойлау. Пікір айтып, талқылау, импровизация жұмыстары арқылы оқушылар күрделі сұрақтарға тез жауап беруге машықтанады. Нәтиже формуласы – терең түсіну, тұрақты практика, дұрыс стратегия және жоғары нәтиже.

– Жолдасбеков атындағы халықаралық жарыста 3-орын алу оқушының тек тілді ғана емес, ғылыми методологияны да меңгергенін көрсетеді. Жоба тақырыбын таңдауда және оны ағылшын тілінде қорғауда мұғалімнің ролі қандай? Шакіртіңіздің зерттеуіндегі басты жаңалық не болды?

– Жобаны ағылшын тілінде қорғауда мұғалімнің көмегін ерекше атап өту керек. Ең алдымен мұғалім ғылыми методологияны үйретеді. Оқушы зерттеу сұрағын, яғни зерттеу сұрағын нақты құруды, болжам жасауды, сауалнама, тәжірибе, салыстырмалы талдау секілді әдістерді таңдауды және академиялық деректермен жұмыс істеуді меңгереді.

Яғни оқушы қалай зерттеу жасау керектігін үйренеді. Қорғауға дайындық барысында таныстырылым (презентация) құрылымы, сұрақтарға жауап беру стратегиясы, сенімділік және сөйлеу техникасы пысықталады. Мұғалімнің басты ролі – бағыт беру, жүйелеу, тереңдету және қорғауға дайындау. Ал мықты жоба формуласы – өзекті тақырып, дұрыс методология, нақты нәтиже және сенімді қорғау. 2026 жылдың 15-17 сәуір аралығында Астана қаласында өткен Жолдасбеков атындағы математика және механика бойынша зерттеу жобаларынан 11-сынып оқушылары Арайлым Сайпеннова мен Жансая Шазинова жүлделі ІІІ орын иеленді. Жоба тақырыбы – «Математикалық әуен: сандар арқылы музыка жасау». Зерттеу тақырыбының өзектілігі музыка мен математика арасындағы байланысты дыбыстардың жиілігі мен ырақтық сандық заңдылықтарға бағынумен түсіндіруге негізделген. Бұл зерттеу ғылым мен өнердің өзара үйлесімін көрсетіп, музыкалық құбылыстардың математикалық негізін анықтауға бағытталған. Зерттеу мақсаты – математика мен музыка арасындағы байланысты анықтау, сандар арқылы әуен жасау әдістерін зерттеу.

– Шакіртіңіз алдағы уақытта қандай халықаралық додаларды бағындыруды көзден отыр?

– Бүгінгі нәтиже – ертенгі үлкен жетістіктің іргетасы. Сондықтан біз бұл жеңісті келесі халықаралық деңгейге жүйелі көтерілу кезеңі деп қабылдаймыз. Халықаралық жобалар мен олимпиадаларға қатысып, жеңіс тұғырынан көрінуі мақсат етіп отырмыз. Бұл тізім әлемдегі ең беделді пәндік олимпиадалар кіреді. Атап айтқанда, International Mathematical Olympiad, International Physics Olympiad, International Chemistry Olympiad, International Biology Olympiad, International Olympiad in Informatics және International Linguistics Olympiad. Бұл олимпиадаларға іріктеу бірнеше кезек арқылы, яғни мектеп, аудан, облыс және республика деңгейінде жүргізіледі. Regeneron International Science and Engineering Fair, Genius Olympiad және International Greenweek Olympiad бар. Бұл жарыстарда оқушылар өз ғылыми жобасын ұсынып, зерттеу нәтижесін қорғайды және халықаралық сарапшылар алдында таныстырады.

– Ағылшын тілін терең меңгергісі келетін оқушылар мен олардың ата-аналарына қандай ұсыныс-тілегіңіз бар?

– Тілді үйрену қысқа мерзімдік науқан емес, күнделікті дағдыға айналатын ұзақ жол. Оқушылар үшін ең маңыздысы – тұрақтылық. Күн сайын аз болса да, үзбей жұмыс істеген нәтиже береді. Тек грамматиканы жаттаумен шектелмей, ағылшын тілінде ойлауға, оқуға, тыңдауға және өз пікірін еркін жеткізуге машықтану керек. Қате жіберуден қорықпаған жөн, себебі әр қате жана деңгейге бастайтын тәжірибе. Ата-аналарға айтар ұсынысым – баладан бірден жоғары нәтиже күтуден гөрі, үйде тілдік орта қалыптастыруға көмектесу әлдеқайда маңызды. Баланың қызығушылығын қолдап, жетістігін байқап, ынталандырып отырған дұрыс. Кейде бір ауыз қолдау баланы бірнеше айлық еңбегіне қуат береді. Ең бастысы, ағылшын тілі жай ғана пән емес. Ғылым, халықаралық жобалар және жана мүмкіндіктерге апаратын көпір.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан София ХАЙРУЛЛА

МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ МАШАҚАТЫ

Кім болғың келеді?

«Өзіңді өзің танысаң – істің басы» деген ақынның Шөкәрім Құдайбердіұлының ой-тұжырымы менің де көкейіме қонады. Мұны тегіннен-тегін етіп отырған жоқпыз. Иә, ең әуелі адам өзін танып білсе, сонда ғана немен айналысатынын, кім болатынын анықтай бастайды. Биыл елімізде 215 мыңнан астам оқушы мектеп бітірді. Әрқайсысының алдында маңызды шешім – болашақ мамандығын таңдау міндеті тұр.

Үкімет отырысында Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова биылғы елімізде биыл 3 млн 900 мың оқушы білім алғанын, оның ішінде 343 мың оқушы 9-сыныпты, 215 мың оқушы 11-сыныпты аяқтағанын мәлімдеді. Сонымен қатар «Алтын белгіге» үміткерлер саны – 13175 болса, үздік аттестатқа үміткерлер саны 18 мыңнан асқан.

Түлектер саны көбейген сайын мамандық таңдаудағы бәсеке де күшейіп келеді. Ұлттық тестілеу орталығының деректеріне сүйенсек, талапкерлердің басым бөлігі педагогика, инженерлік және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бағыттарын таңдаған. Бұл үрдіс еңбек нарығындағы сұраныс пен цифрлық экономиканың қарқынды дамуына байланысты қалыптасып отыр.

Алайда, талапкерлердің 32,9 пайызы өзге бағыттарды таңдаған. Бұл жастар арасында шығармашылық, гуманитарлық және әлеуметтік салаларға деген қызығушылықтың әлі де жоғары екенін көрсетеді. Дегенмен, сарапшылар мамандық таңдаудағы басты мәселе сұранысқа не саланы анықтауда емес, жастардың өз болашағы туралы кеш ойлануында екенін айтады.

89 мыңнан астам мемлекеттік грант бөлінді

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің айтуынша, 2026-2027-ші оқу жылына 89457 мемлекеттік грант бөлінген. Олардың ішінде: бакалавриатқа – 75371; магистратураға – 11007; докторантураға – 3079. Мемлекеттік тапсырысты бөлу ел экономикасының 2030 жылға дейінгі қажеттілік болжамымен сәйкестендірілген.

– Гранттардың 60%-ы инженерлік-техникалық және ауыл шаруашылығы мамандықтарына, 21%-ы педагог кадрларды даярлауға бағытталған, – деп атап өтті Саясат Нұрбек.

Ведомство мәліметінше, инженерлік, өңдеу және құрылыс салаларына 19250; педагогикалық ғылымдарға – 13738; ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бойынша – 11662; жаратылыстану ғылымдары, математика және статистикаға – 9363;

Басы 1-бетте

ауыл шаруашылығы және биоресурстарға – 3145; денсаулық сақтау саласына – 2700; қызметкер бойынша – 2400; өнер және гуманитарлық ғылымдарға – 1915; әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат бойынша – 1485; бизнес, басқару және құқыққа – 1423; ветеринарияға – 1275 грант бөлінген. Оған қосымша еліміздің жоғары оқу орындары «Серпін» бағдарламасы аясында кәсіптік бағдар жұмыстарын жүргізуде. Іс-шаралармен 13 мыңнан астам оқушы, 2 мыңға жуық ата-ана және 700-ден астам кәсіптік бағдар беруші қамтылған. Осылайша, бүгінде оқушының кәсіби диагностикасынан бастап білім беру бағдарламасын таңдауға және одан әрі жұмысқа орналасуға дейінгі білім беру навигациясының біртұтас жүйесі қалыптасуда.

Кенесіп пішкен тон келте болмас

Зерттеулерге сүйенсек, бүгінде оқушылар мамандық таңдау туралы тек 11-сыныпта ғана ойлана бастайды екен. Алайда болашақ кәсібін дұрыс таңдау үшін еңбек салаларын ертерек зерттеп, сұранысқа сай мәліметтер жинаған дұрыс. Тіпті кәзір өзіне сай мамандықты таңдап беретін арнайы мамандарға қызмет етеді.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Рекрутинг бөлімі және мансап орталығының басшысы Асқат Саматұлының айтуынша, профориентологтың негізгі қызметі – оқушының немесе студенттің жеке әлеуетін анықтап, оны еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтармен сәйкестендіру. Бұл жұмыс тек мамандық атауын ұсынумен шектелмейді. Профориентолог жасөспірімнің қызығушылығы, қабілеті, мінез-құлқы, құндылықтары мен өмірлік мақсаттарын талдап, оған сәйкес келетін білім беру бағытын таңдауға көмектеседі.

– Қазіргі жастар мамандық таңдауда бірнеше жиі кездесетін қателікке жол береді. Ең алдымен, олар мамандықты өз қызығушылығы мен қабілетіне емес, қоғамдағы пікірге немесе сөнге айналған трендтерге қарап таңдайды. Мысалы, белгілі бір сала сұранысқа ие немесе табысты деп естіп, сол бағытқа бет бұрады. Алайда адамның жеке бейімділігі ескерілмей, уақыт өте келе ол мамандыққа деген қызығушылығы төмендеп, кәсіби күйзеліске ұшырауы мүмкін. Екінші қателік – мамандық пен оқу бағдарламасының айырмашылығын толық түсінбеу. Көптеген талапкер мамандық атауына ғана біледі, бірақ оның күнделікті жұмысы қандай болатынын, қандай дағдылар қажет екенін зерттемейді. Соның салдарынан оқу барысында немесе еңбек жолын бастағанда таңдауының өзіне сәйкес келмейтінін түсінеді. Үшінші мәселе, ата-ананың немесе айналасының ықпалымен шешім қабылдау. Әрине, үлкендердің кеңесі маңызды, бірақ соңғы таңдау баланың қабілеті мен қызығушылығына негізделуі керек. Өйткені болашақта сол мамандықпен өмір сүретін де, жұмыс істейтін де – өзі, – дейді Асқат Саматұлы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қызылорда қаласының бас жоспары» қала құрылысы жобасына «Стратегиялық экологиялық бағалау» есебінің материалдары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру

Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімі» КММ жұртшылық пен мүдделі тұлғалардың назарына «Қызылорда қаласының бас жоспары» қала құрылысы жобасына Стратегиялық экологиялық бағалау (СЭБ) есебінің материалдарын қарау бойынша алдағы уақытта өтетін қоғамдық тыңдаулар туралы ақпаратты жеткізеді.

Өткізілетін күні мен уақыты: 2026 жылғы 13 шілде, сағат 16:00-де.

Өткізілетін орны: Қызылорда қ., Ы. Жақаев көшесі, №16, қалалық мәслихат ғимараты (Желтоқсан көшесі жағынан кіру).

Онлайн қосылу (Zoom платформасы):

• Конференция идентификаторы: 732 6948 2787

• Қолжетімділік коды: 7174VZ

СЭБ есебі жобасының материалдарымен Қазақстан Республикасының Бірыңғай экологиялық порталында келесі мекенжай бойынша танысуға болады: <https://ndbecology.gov.kz>.

Мүдделі жұртшылық есеп жобасына өз ескертулері мен ұсыныстарын жазбаша түрде (қағаз немесе электрондық тасымалдағыштарда) Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімі» КММ мекен-жайына жолдай алады:

– Пошталық мекен-жайы: Қызылорда қ., Ы. Жақаев көшесі, 24.

– Электрондық пошта: Gor_arh@mail.ru.

Анықтама үшін байланыс деректері:

Қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы қосымша ақпарат алу үшін келесі тұлғаларға хабарласуға болады:

– Тапсырыс беруші: «Қызылорда қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімі» КММ, тел.: 8 (7242) 71-28-33, e-mail: Gor_arh@mail.ru.

– Әзірлеуші: «Казгипроград» 1 Жобалау институты» ЖШС (Алматы қ.), тел.: 8 (727) 279-04-57, e-mail: kazgiprograd_1@mail.ru.

«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі басшылығының 2026 жылдың ІІІ тоқсанына арналған жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізген тұлғаның Т.А.Ә.	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі	Кузембаев Ербол Кабаштаевич	Департамент басшысы	Сәрсенбі сағат 15 ⁰⁰ -16 ⁰⁰	Қызылорда қаласы, Ж.Бабадур көшесі №2	8 (7242) 23-38-09
	Умербаева Майрамқулы Ахатовна	Департамент басшысының орынбасары	Жұма сағат 16 ⁰⁰ -17 ⁰⁰	Электрондық пошта: fink.kyzyl@mail.gov.kz	8 (7242) 23-37-35

Айтқын АЙТЖАНОВА

ЖАУҺАРЛЫ ЖЫРДЫҢ ТҰЛҒАЛЫ ПЕРЗЕНТІ

Тәуелсіздік жылдарында жыраулық өнер академиялық білім беру жүйесіне енгізіліп, «Дәстүрлі өнер – жыр» мамандығы ашылды. Алмасбек Алматыв тәрбиелеген шәкірттер Сыр өңіріндегі мақам-саз ерекшеліктеріне негізделген мектептерді бүкіл елімізге танытты.

Мемлекет басшысы Қызылордада өткен Ұлттық құрылтайдың қорытынды отырысында: «Жалпы, «Сыр елі – жыр елі» деп бекер айтылмайды. Қорқыт ата заманынан жалғасып келе жатқан жыраулық-жыршылық және күйшілік өнер бұл аймақта кең қанат жайған. Жиенбай, Нұртуған, Нартай сынды саңлақтар негізін қалаған жыршылық мектептерді бүкіл еліміз біледі» деп атап өткені белгілі.

Ғалым ұстаз қазақтың дәстүрлі өнерін алем жұртшылығына насихаттауда да жемісті еңбек етті. АҚШ, Франция, Италия, Швейцария, Ұлыбритания, Египет, Моңғолия және басқа да мемлекеттерде өнер көрсетіп, ұлттық мәдениетіміздің халықаралық деңгейде танылуына үлес қосты.

Бүгінде Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында, Қазақ ұлттық өнер университетінде және Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде кәсіби жыры-жыраулар даярланып келеді. Олар халықаралық және республикалық байқаулардың жеңімпаздары атанған.

Айта кетейік, өткен жылы «Өнер орталығында» Алмасбек Алматывтың 70 жылдық мерейтойына арналған «Жыр керуені» шығармашылық кеші өтті. Кеште Нұрлыбек Машбекұлы жырауға Сыр жұртшылығы атынан құрмет көрсетіп, Қызылорда облысының Құрмет грамотасы мен автокөлік кілтін табыстады. Анкара музыка және көркем өнер институты «Дәстүрлі өнер» мамандығының докторанты Малика Алдамжароваға, К. Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті «Дәстүрлі музыкалық өнер: Дәстүрлі жыр» білім беру бағдарламасының докторанты Күнсұлу Түрікпен мен Аягерке Дабыловаға айына 300 мың теңге стипендия тағайындады. Осы құрметтің бәрі қасиетті өнерге берілген ерекше қолдау екені белгілі.

Шынында жыраудың ғибратты өмір жолына зер салсақ, өмірлік ұстанымы мен өнердегі бағытына ең алдымен ата-бабаның ар ілімін ұстанғаны, сонылық жолды берік тұтып отырғаны – Нұрмахан Алматылы айрықша әсер етті. Әкесінің имандылыққа, сабыр мен парасатқа негізделген кәсіби жыраудың бойына кішіпейілділік пен терең ойшылдық дарытты. Бұл пікірді өзі де қуаттайды.

«Жыраға жастайымынан құмар болдым. Үлкен ағаларымның «Әдебиет хрестоматиясы» кітаптарындағы барлық өлеңдерін жаттап тауыстым. Жаттағандарымды кешке әкеме айтып беремін. Ол кісі таспидың тартып отырып үндемей тыңдайды. Соңында «Балам, жақсы екен» дейді де, қояды.

Бір күні әкем «Балам, бүгін Олжасның үйіне қонаққа барамыз» деді. Ол кісі атақты жырау Олжабай Жүргенов еді.

Олжабай, Махан, Шоймардан, Келелі жүйрік бөйге алған. Шыбысына шаң ермес, Тұлғасы топта байқалған... (Ө.Жұматаев) – деген, ел аузындағы адам. Қуанып кеттім.

Әкем болса жақсы сөз, сыпайы мінез, ықылас, ілтипат, ізет, құрмет, ұят – имандың қабы дейміз. Жақсының жанында болсаң, жамандықтан аулақ жүресің» деп үнемі тазалыққа, имандылыққа, адалдыққа баулитын деген екен. Әкеңіз даналығы, даралығы жыраудың бойына нұр боп тарап, жыр боп төгілді. Тума талант туралы қаншама жыр жауһарлары өмірге келді. Соның бірі қазақтың ауылы ақыны Жүрсін Ерманның өлеңі.

Аңғармай жаздың ауып, күз өткенін Артығын шырпып алып, түзеу кемін Бабалардың мұрасы баптағаның, Даналардың сарқыты – күзеткенің. Жыр деген – еркетотай тұңғыш бала, Айырмас тұн ұзақ па, күн қысқа ма. Жартысын ғұмырыңның жеген шығар Жүректі жарып шыққан «Шыңғыснама». Астына жинап елді бір шатырдың Күнреніп күн астынан үн шақырдың. Барады іліп алып сарыныңды. Ізіңе тәу ететін мың құрдым. Сен барда кетпес өнер құрдымға әрі Шөліңді қандырады жырдың нәрі. Жантақпен жүрек жалған келе жатқан Саф алтын арқалаған Сырдың найы!

Қандай керемет өлең. Жыраудың бойындағы асыл қасиеттеріне берілген үлкен баға деп пайымдалдық. Алмасбек ағаның өнерде жүрген шәкірттеріне жасаған қамқорлығы мен жақсылығын тізбелеп жаза берсек бір кітапқа жүк.

Ұстазына алғашқы алыс айтқан Алмасбек Молжигітовтің жазбасы жан жүректі қозғап, Алмасбек жыраудың болмысындағы тағы бір асыл қасиетке тәңгі болдық.

«Осындай күндері еріксіз өткен өмірдің белестерін еске алып, адамның жан дүниесіне шапағатын тигізген асыл жандардың жақсылығын ой елегінен өткізеді екенсің. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген осы болса керек. Мен де ұстазыммен маған жасаған бір жақсылығын, өмірімде өшпес із қалдырған бір сәтті бөлісуді жөн көрдім. Аурухана төсегіне таңылып, туберкулез дертімен 6 ай жаттым. Бір күні дертім асқынып дене қызуым түспей, үш-төрт күн қатарынан асқа тәбетім соқпады. Әл-дәрменім сарқылып, орымнан тұру түгілі, бас көтерудің өзі мұң болды. Күн мен түннің айырмасы көмескіленіп, ой мен сезім тұмданып кеткен ауыр шақ еді. Сол сәтте жанымды қажытқан тәңгілі азабы емес, көңілдің жүдеулігі еді. Ауыр күндердің бірінде группаласым Сәбит келіп, жағдайымды көріп, қатты алаңдан кетті. Ол менің халімді кафедра меңгерушісі, жырау, профессор Алмасбек Алматывқа жеткізген екен.

Ертеніне күндізгі сағат он бірлер шамасы болса керек. Палата іші тым-тырас. Кенет есік ашылып, медбике кіріп келді де:



Алмасбек, сен Алмасбек Алматывтың баласысың ба не? Айтпайсың ба? Папаң келіп тұр ғой, – деді. Мен аң-таң күйде есік жаққа қаралым.

Алдымда – ұстаз, профессор, жырау, ұстаздық пен адамдықты тең ұстаған ұлы тұлға Алмасбек Алматыв тұр еді.

Сосын төс қалтасынан бір парақ қағаз алып, маған қарап тұрып, өз қолымен жазып келген өлеңін оқыды:

Алмасжан, хош па уақытың, жайың қалай? Жан – патша, қызметші тәңгі – майай. Денсаулық – терең байлық, бағасы артық, Ақыл мен білім сактар кеуден сарай. Бір Алла бұйыртқан соң мұнша дәулет, Тамшыдан тамырлады, шапаны арай. Жаппардың жаратқанға бұйрығы көп, Пенденің пәрмені жоқ деуге бұлай. Үзілер дерт құрсауы тілектеспіз, Жарқ етіп жаңарғандай төбеден ай. Тас түлсе бала қыран бапты кезің, Тең тудың заманыңа жарарғың сай. Кем бес күн кемшілікті кім көрмейді, Жар болсын жанабыңа патша Құдай. Ақиқат жан бергенге дән берем деп, Жаратқан адамзатты Алла солай. Қамықпа, қалайда да қайратқа кел, Жігітсің ойға терең, сөзге құмай. «Нарға сын – намыс жүгі» деп айтады, Саулықта жолықтырғай мұнан былай.

Осы жолдарды тыңдап отырған сәтте бойыма бұрын-соңды сезінбеген бір рух құйылғандай болды. Әлсіз денемем емес, мұндай жан жүрегіме ем қонғандай еді. Сол сәтте мен өзімді жалғыз емес, керекті, бағалы адам ретінде сезіндім.

Осындай биік тұлғаның, атағы аспанға жеткен азаматтың, шәкіртін кішісіңбей іздеп келуді, аурухана төсегінде жатқан бір студенттің көңілін көтеруді – ұлылықтың ең асыл өлшемі болатын. Алмасбек Алматыв ұстаздың кішіпейілділігі – атаққа емес, адамға бас иетін кішілігі. Оның ұстаздығы – дәріс оқумен шектелмей, шәкірттің тағдырына алаңдай білуінде. Жауапкершілігі – өнерді ғана емес, адамдықты аманаттауында. Сол бір сәт мен үшін өмірлік сабақ болды. Ұстаздың шәкірте деген жылылығы – емнен де күшті, дәрден де шипалы екен. Адамды адам етіп ұстап тұратын – осындай жанашырлық, осындай мейірім екенін сол күні анық түсіндім» дейді шәкірті.


Шалқар шабытқа қоса даладай дархан пейілімен дараланатын белгілі жырау Алмасбек Алматывтың өмір жолы ғибрат пен өнегеге толы. Өнегелі жолдың өрнегін талантты шәкірттері даңғыл жолға айналдырып келеді. Өнердегі ұрпақ сабақтастығының өркен жайған шарайлы сәтгі осындай болса керек.

Ғайһар ҚОЖАХМЕТОВА

Жүйірік аттай жүйткіген өмір көші кешегі мектеп табалдырығын бірге аттап, жастық шағымыздың қызығы мен шыжығы мол күндерін бірге өткізген достардың алды жетпіске жетіп, қарттықтың ауылына ат шалдырды. Кенестік тәрбие көрген, үлкенге құрмет, кішіге ізет досқа адалдық таныта отырып қай салада болсын қоғамға қызмет ету қағидасын ту еткен біздің буынның артына қайырылып қарағанда ұялатын ешнәрсесі жоқ. Қай салада қызмет атқарсақ та, қоғам алдындағы жауапкершілік жүгін қара нардай көтеріп, елге пайдамызды тигізуге талпындық.

Бүгінгі жүрекжарды әңгімеді қазақ спортына ерекше еңбек сіңірген, достықтың туын аласартпай абыроймен жетпіске жеткен досым Жұмағали Кіикбаев туралы, досыммен бірге өткізген жылдарым туралы ой толғамақпын.

Сонау алтыншы жылдардың басында Қызылорда қаласының маңындағы аудандарда он, он бес үйден тұратын ауылдар көп еді. Кеңес үкіметінің отызыншы жылдардан бастап құрылған колхоздар елуінші жылдан бастап ірілендіріле бастағаны мен соғыстан бойын тіктей алмай жатқан ел үшін әсіресе ауыл шаруашылығымен айналысатын колхоздар әр төбенің арасында топ-топ болып, бір орталыққа біріге қоймаған кез. Жаснай сауаттандыруды мақсат еткен үкімет ауылдың бәрін де бастауыш біліммен сусындатты. «Ақтоғаннан» Артық, оған іргелес ауыл «Жаңғызжадан» Әбсаттар тағы басқа достар қаладағы Ғани Мұратбаев мектебіне ауысып келді. Мен одан сәл ертерек «Қоғалықөледен» келіп қосылдым. Досымыз Жұмағалимен сол кезден бастап алпыс жылдай өміріміз бірге өтіп келеді.



ЖҰМАҒАЛИДЫҢ ЖОЛЫ

Ауыл мектебіне қарағанда қала мектебінің балаларды жан жақты етіп тәрбиелеуге әулеті мол болатыны сыртан келген бізге бірден байқалып тұратын. Ұстаздарымыз қандай үйірмеге қатысып жүргенімізді, қандай жетістікке жеткенімізді, қаладағы кітапханадан қанша кітап оқығанымызға дейін зерттеп, зерделеп отыратын. Біз бірде би, бірде ән үйірмесіне қатысып, таланттымызды аша алмай жүргенде, Жұмағали спортпен шындып айналыса бастады. Бесінші сыныптан күрес секциясына жазылып, шыңдалды. Жетіншіге өткен жылы жаңадан ашылған Ғани Мұратбаев стадионының шағын залында досым классикалық күрес үйірмесіне мені де ертіп апарған. Леонид Шапониковтың әкелік қамқорлығының арқасында күрес әліпшесімен таныстық. Ол кезде біздің тұратын аудан мен Ғани Мұратбаев стадионына жаяу жүргіншіге бір сағаттай жол болатын. Жаз айларында ойын баласы ойнақтап жарты сағатта жетіп барамыз, ал күн суыта бару қиындай түсті. Күзгі, қысқы әсіресе жазғы қаникул кезінде айлап ата-анамызды көрмей, сағыныштан сарғайып жүрген қойшының баласы үшін спорттан гөрі жаз жайлау, қыс қыстауға деген ынталарлық басым еді. Далаға қарап ұлыған тағы бөрілердей қыр баласына спорт жарысы жайына қалды.

Ал біздің досымыз Жұмағали сол қиындықтың бәрине төзді. Жас ұзарғанда ойлап отырма қандай бір жетістік төзімділік танытқан еңбеккер адамға ғана есік ашалай екен.

Досымның жеті жасында әкесі Баяхмет бақилық болды. Жұмағалидың әкесін қатты сағынатынын бала кезінен-ақ байқайтынмен. Сәтсіздікке жолыққанда досым екеуімз әке зиратына барып сағаттап отырып қайтатынбыз. Әке аруағымен сырласқан жас бозбала бойына қуат бітіп, жарысқа құлшына кірісетін. Үнемі ат арқасында жүрген шабандоздай ширақ жүретін. Бір жарыстан тісінің арасына қыстырылып қалған тілі тесіліп бір апта сөйлей алмай жүрді. Тағы бірде жаракат алып қолын мойнына асып келді. Өйтеуір жарысқа кетсе майданнан орадан жаралы солдаттай сау келуі бір қуаныш. Боз кілемде жасындай жарқылдаған досымызға жарыста алған жаракат мақсатқа жетуіне, қайсарлығына тосқауыл болған жоқ. 1978 жылы Қазақстан жастар арасындағы спартакиадада сол қайсарғын сындырып алса да, күміс жүлдегер атануы нағыз қайсарлықтың белгісі.

Жұмағали тоғызыншы сыныпта оқып жүргенде ак өзін Қызылорда қаласында танымал спортшы ретінде қалыптастыра білді. Ол республикалық жарыстарда алғашқы үштіктер сапында болып, аймақ абыройын елдің түкпір түкпірінде өткен жарыстарда сәтті қорғай білді. 1973 жылы Петропавлда өткен Қазақстан біріншілігінде қарсыласының бәрін жығуының жерге тигізіп топ жарса, осы жылы Ленинград қаласында өткен СССР біріншілігінде палуандар арасында алғашқы ондықтың сапында болды. Ал келесі жылы жастар арасында Қазақстан чемпионы атанса, ауыл спортшыларының республикалық спартакиадада күміс жүлдеге қол жеткізді. Оның барлық ынта жігері спортқа ауыды. Артық тамақ жемей, демалу уақытын қатаң қадағалайтын. Осы жылдары ол спорт шеберлігіне үміткер атағын қорғап, тағы бір белесті бағындырды. Сабақты да тәуір оқыды. Әсіресе орыс әдебиетінен жас шамамызға қарай оқылуға тиісті орыс, шетел класс жазушыларын түгелге жуық оқыған. Генеритта Баева ұстазымыз Жұмағали досымызды үнемі аузынан тастамай мадақтап отыратын.

«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті» мемлекеттік мекемесі басшылығының 2026 жылдың III тоқсанына арналған жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізген тұлғаның Т.А.Ә.	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті» мемлекеттік мекемесі	Құдайбергенов Ринат Мәжітұлы	Департамент басшысы	Сәрсенбі сағат 16:00-18:00 дейін	Қызылорда қаласы, Д.Қонаев көшесі 7А	8(7242) 27-03-01
	Әбдрәсіл Нұрлыбек Қосқанұлы	Департамент басшысының орынбасары	Сейсенбі сағат 17:00-18:00 дейін		

Қазақстан Республикасының қолданыстағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» және «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдары талаптарының бұзылуына жол бермеу мақсатында Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінде 8(7242) 27-03-01 «Сенім телефоны» жұмыс істейтіндігін хабарлайды.

Жұмабай БАЙЗАҚҰЛЫ,
Халықаралық Жазушылар Одағының, Қазақстан Журналисттер Одағының мүшесі, өлкетанушы

Басы 1-бетте

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А, Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі: №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келмейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонна хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3858 Тапсырыс №960

Нөмірдің кезекші редакторы Думан КЕҢШІЛІК